


3

Шыны өндірісі:
шәкірттерге
мүмкіндік мол

6

Кітапхана қорына
қосылған құнды
қазына



Сыр бойы

№189-190 (21065-21066) 13 желтоқсан, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



МҮДДЕЛІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ СЕРІКТЕСТІК СЕРПІНІ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Халықаралық бейбітшілік және сенім жылына арналған форум аясында басқа да мемлекет басшыларымен бірге Бейтараптық монументіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты.

Бұл кешен Түрікменстанның бейбітшілік пен жасампаздық ұстанымына бейіл екенін көрсетеді.

Онан кейін Президент Халықаралық бейбітшілік және сенім жылы мен Түрікменстанның тұрақты бейтараптығының 30 жылдығына арналған форумға қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев түрікмен халқының Ұлт көшбасшысы Гурбангулы Бердімұхамедов пен Президент Сердар Бердімұхамедовті Түрікменстанның тұрақты бейтараптығының 30 жылдығымен құттықтады. Мемлекет басшысы Түрікменстанның саяси ұстанымы тұтас Еуразия құрлығының тұрақтылығы мен орнықты дамуына елеулі үлес қосқанын атап өтті. Аталған форумда көтерілген бастамалар ХХІ ғасырдағы бейтараптықтың мән-маңызына жаңаша көзқарас қалыптастырады.

Қазақстан Президенті Түрікменстанның бейтарап саяси ұстанымы түрікмен халқының сан ғасырлық мәдени дәстүрімен және рухани құндылықтарымен үйлесетінін айтты.

– Түрікмен классикалық әдебиетінің негізін қалаушы, Шығыстың көр-

некті ойшылы Мақтымқұлы Пырағы: «Тыныштық болса ел өседі, әділдік болса сенім күшейеді» деген. Ұлы данышпанның дүниесі терең таныған идеялары қазіргідей алмағайып халықаралық жағдайда да өте өзекті бола түскені сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясы қолдаған Ашхабадтың Халықаралық бейбітшілік және сенім жылын жариялау туралы бастамасы ерекше мәнге ие болғанын жеткізді. Еліміз осы маңызды қарарды қуаттағанын айта келіп, бейбітшілік пен келісім Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясының іргетасы саналатынына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің ауқымды диалогті бастауы, ірі державалардың саяси ерік-жігер көрсетуі өте маңызды деп санайды. Мемлекет басшысы еліміз Түрікменстан Президентінің БҰҰ бейбітшілік және бейтараптық университетін ашу жөніндегі бүгінгі ұсынысын қолдайтынын айтты.

2-бет

/// ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

БАСТАПҚЫ ЖАРНАСЫЗ БАСПАНА



Коллаж жасаған Қ.Оразбаев

Басында баспанаң болса, ол да – бір бақыт. Дана халқымыз «Үйің болмай, күйің болмас», «Өз үйім – кең сарайдай боз үйім» деп бекер айтпаған. Кім де болса шаңырағы биік, іргесі берік өз үйі болғанын қалайды емес пе?!

Арман және Айгүл есімді жас отбасы бірнеше жылдан бері банктен жинақ ашып, баспана алу үшін қаражат салуда. Жолдасы әскери салада жұмыс істейді. Екі баланың ата-анасы «Әскери бағдарламаның» іске қосылғанына қуанышты.

– Біз бес жылдан бері пәтер жалдап тұрамыз. Өзіміздің жеке үйіміздің болғанын қалаймыз. Банктен

есепшот ашып, баспана алуға қаржы салып жүргенбіз. Жолдасымның жұмыс орнынан үйсіз жүргендердің тізімін сұратыпты. Енді бұйырса, осы бағдарлама арқылы баспаналы боламыз деп ойлаймын. Барлық қажетті құжаттарды тапсырып қойдық, – дейді Айгүл Есжанова.

Иә, расымен де алғашқы жарнасыз баспана алу – көп адамның арманы. Өсіресе жас отбасылар үшін үлкен мүмкіндік болғалы тұр. Біз осы орайда «Отбасы банктің» қаржы жөніндегі кеңесшісі Гүлнұр Салхадиноваға жолығып, үй алудың жолы мен өтінім беру шарттарын сұраған едік.

3-бет

/// САПАР

АРАЛ: ИГІЛІКТІҢ БАСТАУЫ – ЖАЙЛЫ ТҰРМЫС

Осы аптада Арал ауданы жұртшылығын қуанышқа көнелткен жаңалық мол болды. Алдымен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолының Арал ауданы аумағында «PetroRetail» ЖШС-ның жол бойы сервистік қызмет көрсету орталығы ашылды. Ерімбетжаға және Тоқабай елді мекендеріне ауызсу қосу рәсімі өтті.

Шалғайдағы ауылдар инфрақұрылымын дамыту, ең алдымен сапалы сумен, жолмен қамтамасыз ету тұрғындардың жайлы өмір сүруіне, тұрмыстық жағдайының жақсаруына оң әсерін тигізетіні анық. Мемлекет басшысы ел аумағын ауызсумен қамтуды биылдан қалдырмай аяқтауды тапсырғаны белгілі. Біздің өңірде

Президент тапсырмасы орындалып, жыл соңына дейін барлық елді мекенге ауызсу жетеді.

Арал ауданында өткен салтанатты рәсімдерге облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, жауапты сала басшылары мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

2-бет



ҚАЗАЛЫ: ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ

Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде кәсіпкер Асылан Бақытбектің жеке қаражаты есебінен салынған жаңа қонақүйдің ашылу рәсімі өтті. Оған облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, жауапты сала басшылары мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

ЖАҢА ҚОНАҚҮЙ АШЫЛДЫ

Облыс әкімінің орынбасары аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму барысына тоқталып, жаңа нысанның жұмысына сәттілік тіледі.

– Қазалы ауданында айтулы істер, жарқын жобалар жүзеге асуда. Биыл аудан бюджеті 18

млрд 900 млн теңге болып бекітілсе, нақтыланған бюджет көлемі 27 млрд теңгеге жетті.

Мұнда Президент тапсырмасымен мемлекетке қайтарылған активтер есебінен 1 медициналық, 4 ауызсумен қамтамасыз ететін, 5 әлеуметтік нысан құрылысы басталған болатын. Шалғайдағы Сарбұлақ, Шилі, Шәкен және Шитүбекке таза ауызсу жеткізілді.

2-бет



МҮДДЕЛІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ СЕРІКТЕСТІК СЕРПІНІ

– Қазірдің өзінде жаһан жік-жікке бөлінуден, тіпті ядролық соғыстан бас тартып, бейбітшілік, сенім, ынтымақ секілді құндылықтарды басшылыққа алған кезде әлемде әділетті және орнықты тәртіп орнатуға болатыны белгілі болды. Осы орайда еліміз Украинадағы қақтығысты реттеу бойынша келіссөз процесінің жандануына қолдау білдіреді. Ресей мен АҚШ президенттерінің Анкоридждегі кездесуінен кейін бейбітшілік пактісінің негізгі ережелері белсенді талқылана бастады. Бұл көптен күткен бітімге келу мүмкіндігін жақындатты, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өзге өңірлердегі қақтығысты реттеуге қатысты пікір білдірді. Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінде Ауғанстанға көмек көрсетуді жалғастыру қажет деп есептейді.

– Алматыдағы Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ өңірлік орталығы осы бағыттағы ынтымақтастықты үйлестіретін маңызды платформаға айналды. Тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуда Азиядағы өзара іс-қимыл сенім шаралары жөніндегі кеңес маңызды рөл атқарады. Бұл форум өзінің саяси тұрғыдан өзектілігін дәлелдеді. Осыған орай АӨСШК қызметіне, соның ішінде форумды толыққанды халықаралық институтқа айналдыруға қолдау көрсеткені үшін серіктестерімізге алғыс айтамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміз динаралық, этносаралық және және мәдениетаралық диалогті нығайтуға айрықша назар аударады. Бұл орайда Президент Қазақстанда 20 жылдан астам уақыттан бері Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі ұйымдастырылып келе жатқанын еске салды.

– Таяуда Астанада өткен VIII Съезде Қазақстан «Бейбітшілік 1-бет



қозғалысы» деп аталатын бастама көтерді. Бұл, шын мәнінде, қантөгісті тоқтатуға, келешек ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілікті сезіне отырып, бітімге келу жолын іздеуге үндеу еді. Қазақстан ШЫҰ жұмысына белсене атсалысады. Бұл –

Еуразиядағы қауіпсіздік пен сенім шараларын қамтитын, көпжоспарлы әрі конструктивті күн тәртібі бар беделді және табысты ұйым. Жаһандағы прогресс пен тұрақтылықтың негізгі кепілі – орнықты әлеуметтік-экономикалық даму. Геосаяси шиеленістің өшуі, халықаралық санкциялардың көбеюі, сауда тізбегінің бұзылуы, технологиялық бәсеке секілді көптеген фактордың салдарынан әлем экономикасы күрделі сын-қатерлерге тап болды. Жаһандық экономиканың қарқыны бәсеңдеді. Қуанышмызға орай, мұның әсері Орталық Азияға тие қойған жоқ. Барлық елде айтарлықтай өсім байқалады. Мысалы, Қазақстанның экономикалық өсімі биыл 6 пайыздан асты. Ішкі жалпы өнім көлемі 300 миллиард доллар межесін еңсереді. Бұл жан басына шаққанда 15 мың доллардан артық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдері көлік-транзит әлеуетін күшейтіп жатқанына тоқталды. Ең алдымен, Шығыс пен Батыс, Солтүс-

тік пен Оңтүстік арасындағы байланысты нығайтуға баса мән беріледі. Президент Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік бағдарының мүмкіндіктерін дәйекті түрде кеңейтіп, теміржол, порт, автожол инфрақұрылымын жаңғыртып жатқанын, осылайша біртұтас транспорт жүйесін қалыптастыруға кіріскенін жеткізді. Мемлекет басшысы еліміз Орталық Азияның көлік жүйесін дамытудың кешенді стратегиясын әзірлеуге белсенді атсалысып жатқанына назар аударды. Мақсат – орнықты логистика бағыттарын толық іске қосу.

Президент су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше мән беру қажет деп санайды.

– Су тапшылығы үлкен проблемаға айналып келеді. Бұл ресурсты сақтау әрі ұқыпты пайдалану – еліміз бен аймақтағы өзге де мемлекеттер үшін стратегиялық, тіпті өмірлік маңызы бар басымдық. Өзге елдерде де солай деп ойлаймын. Трансшекаралық суды пайдалану проблемасын, Арал және Каспий теңіздерінде қалыптасқан экологиялық ақауды уақыт оздырмай шешу мақсатында тиісті шаралар қабылдау қажет. Біздің пікірімізше, өзара мәмілеге негізделген бірлескен әрекеттер арқылы Халықаралық Аралды құтқару қорының тиімділігін арт-

тыруға болады. Ресей Қор жұмысына байқаушы ретінде атсалысса, бұл іске септігін тигізер еді. Каспий теңізі қазіргідей тартыла берсе, бұл қауіпті құбылыстың экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, тіпті саяси салдары ауыр болуы мүмкін. Қазақстан Каспий экожүйесінің бұзылуы мен теңіздің тартылуының алдын алуға бағытталған арнайы мемлекетаралық бағдарлама әзірлеу туралы бастама көтерді. Барша әлемдік қоғамдастықты осы бірегей су айдынын сақтап қалу жолындағы күш-жігерімізді қолдауға шақырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президентінің пайымдауынша, жаһандық су дипломатиясын дамытуда мемлекеттер арасындағы ықпалдастықтың маңызы зор.

– БҰҰ жүйесінде тек су мәселесімен айналысатын арнаулы құрылым жоқ. Бұл түйткілді тез арада шешкен жөн. Қазақстан Халықаралық су ұйымын құруды ұсынады. Сол арқылы БҰҰ аясындағы түрлі ұйымдардың барлық мандатын бір мақсатқа жұмылдыруға болады. UN-Water ведомствоаралық тетігін БҰҰ-ның толыққанды арнаулы агенттігіне немесе ұйымына айналдыру оңтайлы шешім болар еді. Мұндай бастаманы іске асыру БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттары мен барша халықаралық қоғамдастықтың мүддесіне сай келеді. Келесі жылы сәуір айында Астанада Аймақтық экологиялық саммит өтеді. Аталған жиында Қазақстан жаһандық су ұйымын құру туралы халықаралық консультация процесін бастауға ниетті. Ортақ саяси ерік-жігердің арқасында күн тәртібіндегі судың өзекті мәселелері жүйелі түрде шешіле бастайтынына сенімім көміл, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті сөзін қорытындылай келе, Ашхабад форумы мүдделі мемлекеттердің жасампаз серіктестігін нығайтуға және әлемде әділетті тәртіп қалыптастыруды көздейтін халықаралық күш-жігерге тың серпін беретініне сенім білдірді.

БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов Қазалы ауданына жұмыс сапарымен барып, аудан әкімі Алмасбек Есмахановпен бірге құрылыс нысандарын аралады.

Бахыт Дүйсенұлы алдымен Қазалы теміржол вокзалындағы күрделі жөндеу жұмыстарын, теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысын көрді. Күрделі жөндеуді «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясының қаржыландыруымен «Бак-Береке» ЖШС жүргізуде. Эскиздік жобаға сәйкес, ғимараттың іргетасы мен қабырғалары нығайтылады, шатыры ауыстырылып, есік-терезелері жаңартылады. Жолаушыларға арналған құту залдары заманауи талапқа сай жабдықталып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасалмақ. Қауіпсіздік жүйелері орнатылып, аумақты қоғалдандыру және брусчатка төсеу секілді ауқымды жұмыстар атқарылады. Бүгінде ғимараттың сыртқы жұмысының басым бөлігі аяқталып, құрылысшылар ішкі жұмыстарға кіріскен.

Облыс әкімінің орынбасары Әйтеке би кентіндегі халықтың әлеуметтік осал топтары үшін салынып жатқан 2 пәтерлік 40 тұрғын үйдің құрылысын көрді. Құрылыс аяқталуға жақын, жуық арада тұрғындар игілігіне берілемек. Мұндағы жұмыс барысы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей бақылауында екенін айтқан Бахыт Дүйсенұлы мердігер мекеме өкілдеріне тұрғын үйлерді сапалы етіп салып, инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етіп, мерзімінде пайдалануға беруді тапсырды.

Жұмыс сапары Қарлан көпірінде, Бекарыстан би ауылындағы спорт кешінінің құрылыс аясында жалғасты. Көпір құрылысын «НұрлыТау ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қолға алған. Кіреберіс жолы салынып, Сырдария өзені суын уақытша бөгеу арқылы бетон тіреулер құйылууда. Дарияның арғы бетіндегі 12 мыңға жуық халық үшін бұл көпірдің маңызын айтқан Бахыт Дүйсенұлы ең бірінші кезекте құрылыстың сапасы мен мерзімінде аяқталуын тапсырды.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында «Жылу ХХІ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі салып жатқан Бекарыстан би ауылындағы спорт кешені құрылысы аяқталуға жақын. Іске қосылғанда мұнда ауыл жастары бос уақытын тиімді өткізеді.

Айта кетейік, аталған жоба аясындағы спорт кешендері Әйтеке би кенті мен Қожабақы ауылында да салынууда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Өңір ӘКІМДЕРІМЕН КЕҢЕС

ҚР Президентінің кеңесшісі Бақытжан Сәпиевтің төрағалығымен өткен өңір әкімдерімен кеңесте су тасқынының туындау қаупі, туристік аймақтарды, экологиялық мәдениетті дамытудың, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасының жай-күйі және жекеменшік мектептер атауы туралы мәселелер қаралды.

Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.

10 желтоқсандағы мәліметке қарағанда, «Шардара» су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 150 текше метр су жіберілуде. Былтыр осы күнгі көрсеткіш 300 текше метр болған. Жинақталған су көлемі 1828 млн текше метр, өткен жылдың осы күні 2594 млн текше метр су болған. Облыс аумағына 59,3 текше метр су келіп түсуде, былтырғы көрсеткіш 511 текше метр.

Өңірде ықтимал су тасқынының алдын алудың іс-шаралар жоспары әзірленген. Су басу қаупі бар аймақтарға арнайы техникалары, күш-құралдары дайындыққа келтірілген мекемелер бекітілді. Атап айтқанда, 31 аймаққа 101 мекеме жауапты, оларда 268 арнайы техника және 1195 адам күші бар.

Су тасқынына қарсы материалдық-техникалық қор, 100,6 тонна жанармай, 96 099 дана қап және басқа да материалдар жеткілікті. Халықты көшіру пункттері дайын.

Жергілікті атқарушы органдар мен төтенше жағдайлар, су шаруашылығы мамандарынан тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылады. Су жағдайы тұрақты бақылауда.

Биыл өңірдің туристік әлеуетін арттыру бағытында бірқатар шара қабылданды. Жазғы маусымда 13 шағын және 2 ірі демалыс орны келушілерге қызмет көрсетті. Туристердің сұранысына сай келетін, халықаралық деңгейдегі Rixos және Rapa қонақүйлері салынууда.

Өткен 10 айдың қорытындысымен туризмге салынған инвестиция 49,2 млрд теңге болып, былтырғыға қарағанда 87 пайыз өсті. Жылдың 3 тоқсанында 157500 турист келіп, олардың саны да 35 пайызға артқан.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында өңірде санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыс жүргізілуде. Бюджет қаражатынан бөлек, кәсіпкерлер демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өткізілді.

Қазіргі уақытта атауын өзгертуге жататын жекеменшік мектеп құрылтайшыларына түсіндірме жұмысы жүргізілуде.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

АРАЛ: ИГІЛІКТІҢ БАСТАУЫ – ЖАЙЛЫ ТҰРМЫС

ЖОЛ ШЕТІНДЕ ҚОСЫҢ БОЛСЫН!

Облыс әкімінің орынбасары жол бойындағы сервистік қызмет көрсету орталығының ашылу салтанатында сөз сөйлеп, Мемлекет басшысының «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидаты ел дамуының темірқазығына айналғанын атап өтті.

– Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру жолында Сыр халқы да бекем бірліктің, ерен еңбектің үлгісін көрсетуде.

Жол бойындағы сервисті дамыту үшін автокөлікке газ құю компрессорлық станциялары бар көпфункционалды кешендер салынууда. Оған Qazaq Oil, Compass, «Алаш Метан», Dom сияқты компаниялар тартылып, жобалар кезең-кезеңімен іске асырылып келеді. Жақын арада тағы екі заманауи газ құю станциясы пайдалануға беріледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы Жолдаудында Кіші Аралды сақтап қалу және «Сексеуіл-Бейнеу» бағытындағы автомобиль жолы құрылысын жеделдетіп бастауды тапсырды. Бұл Президенттің Сыр өңіріне, Аралға деген көзқарасының ерекше екенін байқатады. Ауқымды жоба аймағымыздың экономикалық әлеуетін арттыра түспек. Кешеннің жұмысы табысты, табысы берекелі болсын! – деді Қ.Нұртай.

Рәсімде серіктестік басшысы Бахытжан Тасанбаев тұрғындарды құттықтап, еңбек ардагері Алдаберген Жоланов бата берді.

Жалпы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халық-

1-бет

ҚАЗАЛЫ: ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ

Жаңадан ашылған қонақүйдің қызмет сапасы жоғары, табысы берекелі болғай, – деді Қ.Нұртай. Рәсімде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан кәсіпкерлер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, облыстық мәслихат депутаты Ібайдулла Тілеп ізгі тілегін жеткізді.

Айта кетейік, кәсіпкер жобаны жүзеге асыруға жеке қаражаты есебінен 500 млн теңге салған. Ғимарат қазіргі заман талаптарына сай, ресепшн аймағынан бастап қонаққа жайлы етіп жасакталған, 17 бөлмесі (37 орын), кездесулер мен іс-шараларға арналған конференц залы, лаундж аймағы бар.

МАЙДАКӨЛДЕ ЖАҢА КЛУБ

Қазалыда тағы бір маңызды нысан ашылды. Майдакөл ауылындағы жаңадан салынған 100 орындық клуб пайдалануға берілді.

Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов жиналған жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, өңірдің мәдениет саласындағы жетістіктеріне тоқталды.

– Мемлекет басшысы ұсынған «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидаты ел дамуының темірқазығына айналды.

Сыр өңірінде кейінгі 3 жылда 19 мәдениет нысаны салынды. Оның 8-і ауылдық клуб, 7-сі «Руханият орталығы», «Анаға тағзым», Отбасы және Өнер орталықтары, облыстық тарихи-өлкетану музейі.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында салынған Шиелі ауданы Бестам ауылдық клубы

1-бет

аралық автомобиль дәлізінің бойында 55 жол бойы сервистік кешені жұмыс істейді. «PetroRetail» серіктестігінің В санатты кешені 2 млрд теңгеге салынған. Инвестициялық жоба аясында заманауи талаптарға сай келетін 31 орындық қонақүй, 20 келушіге қызмет көрсететін қоғамдық тамақтану орны іске қосылды, 20 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

АУЫЛДАРҒА АУЫЗСУ КЕЛДІ

Ерімбетжаға ауылындағы рәсімде облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов ауыл тұрғындарын құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерді атап өтті.

– Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, жерлестеріміздің бекем бірлігінің арқасында байыпты бастамалар, жасампаз жобалар табысты іске асырылууда. Қала мен аудан орталықтарының, ауылдардың сәулеттік келбеті күн сайын жаңарып келеді.

Мемлекет басшысы 2025 жылы еліміздің барлық аймағын ауызсумен 100 пайыз қамтамасыз ету туралы тапсырма берген болатын. Облыс аумағында 2022 жылдан бері 14 млрд теңгенің 60 жобасы қолға алынған.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша өңір халқын орталықтандырылған ауызсумен қамту деңгейі 98,6 пайыз болды. Биыл 9 елді мекенге ауызсу жеткізілуде. Бүгін міне, Ерімбетжаға елді мекеніне қосамыз.

қараша айында пайдалануға берілді. Бүгін Майдакөл ауылында 100 орындық клуб ашылуда.

Баршаңызды Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында жана нысанның ел игілігіне айдалуымен шың жүректен құттықтаймын! Егемендік тарту еткен әр күннің өзі бақыт. Қастерлі Отанымыз, Сыр өңірі жаңарып, жайнай берсін! – деді Мұрат Жолкелдіұлы.

Рәсімде ел дамуына елеулі үлес қосқан аға буын ардагерлер мен клубты сапалы салып, мерзімінде аяқтаған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Кейінгі жылдары Қазалы ауданының даму қарқынында ерекше серпін бар. Атап айтсақ, Жанқожа батыр ауылында «Келешек мектебі» ұлттық жобасы аясында 300 орындық жана мектеп ашылды. Әйтеке би кентінде «Руханият орталығы», прокуратура ғимараты, «Қазалы» мәдени-демалыс кешені, «Руханият сквері» мен орталық алаң сияқты бірқатар нысан ел игілігіне берілді.

Ақтан батыр және Абай ауылдарына «көгілдір отын» жеткізілді. Қазір Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Түктібаев елді мекендерін газдандыру жұмыстары жалғасуда.

ШӘКЕНДЕГІ ҚУАНЫШТЫ СӨТ

Қазалының Шәкен ауылына ауызсу жеткізілді. Облыстық мәслихат төрағасы осы рәсімде Мемлекет басшысының ауылдарды 100 пайыз ауызсумен қамтамасыз ету тапсырмасының аймақта орындалу барысы туралы айтып,

Президент халықты таза ауызсумен қамтамасыз

Игіліктің бастауындай болған бүгінгі қуаныш барша отбасыға бақыт пен шаттық әкелсін!» – деді мәслихат төрағасы.

Жыныда ардагер Назыбек Жұбалиев жиналған жұртшылыққа бата берді.

Биыл 8 млрд 100 млн теңгеге Арал ауданындағы Абай, Токабай, 1 млрд 45 млн теңгеге Ерімбетжаға, Тастүбек елді мекендерін ауызсумен қамту жобалары жүзеге асты. Қазір 1 млрд 166 млн теңгеге Тастүбек елді мекеніне су жеткізу жұмысы жүргізілуде. Осылайша өңірдегі барлық елді мекен 100 пайыз орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз етіледі.

Ерімбетжағаға су жеткізу жобасына 1 022 350 млрд теңге, оның ішінде арнаулы қордан 636 325 млн теңге бөлінген.

Токабайлықтар да ауылға ауызсу келуін көптен күткен. Мұрат Жолкелдіұлы ауызсу жеткізуге бағытталған жобалардың маңызы, былтырғы 98,6 пайыздық көрсеткіш биыл 100 пайызға жететінін атап өтті. Жиналған қауымды көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтады. Жінішкеқұм ауылдық округі ардагерлер кеңесінің мүшесі, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Қыдырбай Мұсаев лебізін білдірді.

Рәсімдер кезінде ауылдың өркендеуіне үлес қосқан аға буын ардагерлерге, серіктестік қызметкерлеріне, ауызсу жүргізген мердігер мекеме мамандарына облыс әкімінің Алғыс хаты тапсырылды.

Г.ТЕЛЬМАНҚЫЗЫ

ету айрықша маңызды міндет деп белгіледі. Осы бағытта қабылданған нақты шаралардың арқасында қала халқы және ауыл тұрғындарының көпшілігіне таза ауызсу жеткізілді.

Сүмен жабдықтау жүйесін салу және жаңғырту, яғни ауылдардың барлығына түгелдей ауызсу жеткізу жөніндегі тапсырма Сыр өңірінде сапалы орындалуда.

– Ауылдың дамуы мен келешегінің жарқын болуы тұрғындардың бірлігі мен татулығына тікелей байланысты. Ауызсудың тартылуы әрбір отбасының тұрмысына, өмір сапасына оң әсер ететін сөзсіз. Өңіріміздің жарқын болашағы үшін еңбек етіп жүрген барлық жерлестерімізге шексіз алғысымды білдіріп, әр шаңыраққа амандық, молшылық пен береке тілеймін, – деді Мұрат Жолкелдіұлы.

Рәсімде аға буын өкілдері, ауызсу жүргізген мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Шәкен ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әзілхан Ұмбетов сөз сөйлеп, игі тілегін жеткізді.

Аймақта 2022 жылдан бері қолға алынған (14 млрд теңге) 60 жоба тұрғындардың сапалы ауызсу пайдалануын қамтамасыз етіп, жана экономикалық мүмкіндіктерге жол ашты, тұрмыс сапасын едәуір жақсартты. Өткен жылдың қорытындысымен облыс халқын орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамту деңгейі 98,6 пайызға жеткен. Биыл бұл көрсеткіш 100 пайыз болмақ.

Қ.ӘБІШ



Биылғы «Жұмысшы мамандықтар жылында» кәсіби, техникалық бағытта маман даярлайтын іргелі оқу орындары мен өндіріс ошақтары арасында серіктестік байланыс нығая түсті. Дуальді оқыту бағдарламасымен жастар тәжірибеден өтеді, ынталы болса жұмысқа қабылданады. Осылайша еңбек нарығындағы маман тапшылығы мәселесі оң жолға қойылып келеді.



ШЫНЫ ӨНДІРІСІ: ШӘКІРТТЕРГЕ МҮМКІНДІК МОЛ



қаптау желісі бар. Мұнда 320 қызметкер жұмыс істейді, 50 техникалық және басқарушы маман Қытайдан келген, 270-і қазақстандық.

Компанияның мақсаты – Қазақстандықтарға отандық, жасыл, энергия үнемдейтін шыны



ұсыну. Бастысы «Orda Glass Ltd» компаниясының жоғары сапалы флотат әдісімен шыны өндіру желісі бар. Аталған желі 2022 жылдың қыркүйегінде ресми түрде от алдырылып, іске қосылды.

Жылдық жобалық қуаты – 197,1 мың тонна. Бұл – Қазақстандағы алғашқы, сондай-ақ Орта Азия аймағындағы ең үлкен әрі ең заманауи флотат шыны өндірісі желісі. Негізгі өнімдері – түссіз мөлдір, түсті (боялған) флотат шыны және капталған шыны. 2023 жылы 157,2 мың тонна шыны өндірілсе, былтыр 166,3 мың тонна өнім шығарылды.

Сондай-ақ 2023 жылдың соңында компания Қытайдан 15 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартып, Орта Азиядағы алғашқы энергия үнемдейтін, төмен сәуле өткізгіштігі бар капталған (LOW-E) шыны өндіріс желісін әкелді. Бұл желі 2024 жылдың екінші жартысында іске қосылып, өнім түрлерін айтарлықтай кеңейтті, қосымша құнын арттырды және Орта Азия тұрғындарын жасыл, энергия үнемдейтін LOW-E капталған шынымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Былтыр 842,4 мың шаршы метр көлемінде оффлайн капталған өнімдер (оффлайн күннен қорғайтын қабат және оффлайн LOW-E қабаты) өндірілді.

Қытай шыны холдингтері компаниясының шетелдегі еншілес кәсіпорны ретінде біздің компания әрқашан заманауи сай және ашық жұмыс істеуді басты қағида етіп келеді. Қазақстан Республикасының еңбек саясаты, қауіпсіздік, экология, инвестиция және басқа да салаларға қатысты барлық заң талаптарын ұқыпты түрде үйреніп, қатаң сақтайды. Әлеуметтік жауапкершілікке, жергілікті кадрларды даярлауға, өндіріс жұмыспен қамту жағдайын жақсартуға, Қазақстан халқына жоғары сапалы әрі төмен бағамен энергия үнемдейтін шыны өнімдерін ұсынуға бар күшін салуда, – деді басқарушы директор.

Өндіріс барысына қызыққан студенттер жауапты мамандарға сан түрлі сауал қойды. Шынының шикізат кезінен бастап дайын болғанға дейінгі кезеңін көрді. Колледж директорының ақпараттық технология жөніндегі орынбасары Бекзат Сүлейменов жас мамандардың жұмысқа орналасуына мұндай шаралардың ықпалы бар екенін айтты.

– Еңбек нарығында суранысқа ие кәсіби кадрлар даярлау ісі қашанда маңызды. Осы бастаманың аясында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары өндірістік тәжірибені күшейтіп, студенттердің кәсіби машықтарын нақты өндіріс орнында жетілдіруге мүмкіндік беретін түрлі шаралар ұйымдастыруда. Солардың бірі – ірі өнеркәсіп орындарымен әріптестік байланысты нығайту. Осы орайда И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің «Құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын өндіру» мамандығының 4-курс студенттері ірі кәсіпорындарда

тәжірибе алмасу мақсатында шыны зауытына келді. Тәжірибе барысында студенттер шыны өндірісінің күрделі технологиялық үдерістерімен танысып, зауыттың жұмыс істеу принципін өз көзімен көрді.

Шыны зауыты – заманауи өндіріс жабдықтарымен қамтамасыз етілген, халықаралық стандарттарға сай өнім шығаратын өндіріс жетекші кәсіпорындардың бірі. Студенттерге өндірістің әр кезеңі – шикізатты дайындаудан бастап дайын өнімді қаптап шығару процесіне дейін жан-жақты түсіндірілді. Мамандар қауіпсіздік талаптары, автоматтандыру жүйелері, сапаны бақылау әдістері және өндірістегі инновациялық технологиялар жөнінде кеңінен ақпарат берді. Бұл жастардың өз саласына деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, болашақ мамандықтарына деген сенімін күшейтті. Олар теориялық білімнің нақты өндірісте қалай қолданылатынын көріп, кәсіби дағдыларын шыңдауға мүмкіндік алды.

Колледж басшылығы мен кәсіпорын өкілдерінің айтуынша, мұндай тәжірибелер жұмысшы мамандықтың кадр-қасиетін арттыруға, студенттердің еңбекке деген ынтасын дамытуға және олардың болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігін кеңейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар, өндіріс орындары жас мамандарды ерте кезеңнен танып, өздеріне қажетті кадрларды алдын ала даярлауға мүмкіндік алады.

Бастама жастарды нақты еңбек нарығын бағдарлауға, өндіріс саласының әлеуетін көрсетуге және жаңа буын кәсіби мамандарды қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр. Алдағы уақытта да осындай салалық тәжірибе бағдарламалары жалғасын табуы жоспарлануда, – деді ол.

«Құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын өндіру» мамандығының 4-курс студенті Айбол Нағашыбаев дипломын қолына алса, шыны зауытына жұмысқа тұруды армандайды. Ол үшін озық технологиялардың тілін меңгеру керек. Мұндағы жұмыс барысын көріп, қызығушылығы арта түсті. Өндірістік тәжірибе оларға берілген үлкен мүмкіндік екенін де жеткізді.

Дайын шыныны кесетін және қаптайтын цех басшысы Бақберген Бакай бұл қызметтің жауапты екенін айтып, студенттерге жұмысын таныстырды.

– Мұнда дайын өнімнің дұрыс қапталуына жауап береміз. Негізгі жұмысты техника атқарады. Ал шыныны жинайтын робот. Мұндай робот саны төртеу. Күнделікті 200-ден аса қаптама жасайды. Кесілген дайын шыны қапталуда. Оның көлемі 22х50, 18 дана. Осындай төрт-бес келмеде жиналады. Робот шыныны целлофанға қойып береді. Арнайы машина тип, жұмысшыларға жеткізеді. Олар қаптаманы берік етіп жапсырады. Цехта 40-қа жуық адам еңбек етеді. Қапталған шыныны қоймаға жеткіземіз. Бұл техника, робот бәрі Италиядан әкелінген. Қол еңбегі тек қаптама кезінде қолданылады. Қапталған өнім одан әрі ағашпен тағы да бекітіледі, – дейді ол.

Өндіріс ошағында барлығы да талапқа сай. Алып ғимарат. Шетелдік озық технология. Жұмыс істеуге жағдай жасалған. Техника жеткілікті. Жұмысшылар арнайы формамен, қызметтік көлікпен, асхана желісімен қамтамасыз етілген. Байқағанымыз – мұндағы қызметкердің басым бөлігі жастар. Колледжді бітіріп, осында жұмысқа орналасқан мамандарды да кездестірдік. Солардың бірі – Еламан Санақ. Ол бақылау бөлмесінде пеш операторы қызметін атқарады. Пештің жұмысын бейнебақылау арқылы қадағалайды. Жұмысқа тұрғанына да төрт жыл. Бүгінде кәсіби маманға айналған.

Зауыт инженері Ғазиз Аққалиев жаңа келген жастарды баулып, білген-түйгендерін үйретуден жалықпайтын жеткізді. Бастысы жастарда ынта мен жігер болса, мүмкіндік мол.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 230 қаулысы

ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімдігі

КАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі №583 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережесінде:

15-тармақтың 51), 58), 59), 60), 61), 62) тармақшалары алынып тасталсын;
24-тармақтың 2), 5), 6), 17), 18), 19), 20), 21), 23), 33) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) «Қызылорда облысының білім басқармасының «Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны»;

«5) «Қызылорда облысының білім басқармасының «Мұрат Саламатов атындағы Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны»;

6) «Қызылорда облысының білім басқармасының Мұстахым Ықсанов атындағы Қызылорда техникалық-IT жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны»;

«17) «Қызылорда облысының білім басқармасының «Еркін Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;

18) «Қызылорда облысының білім басқармасының «№5 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;

19) «Қызылорда облысының білім басқармасының «№6 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;

20) «Қызылорда облысының білім басқармасының «№7 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;

21) «Қызылорда облысының білім басқармасының «№8 облыстық санаториялық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;

«23) «Қызылорда облысының білім басқармасының «№2 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;

«33) «Қызылорда облысының білім

басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;

мынадай мазмұндағы 51), 52), 53), 54) тармақшалармен толықтырылсын:

«51) «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласының №3 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;

52) «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда облыстық психологиялық қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;

53) «Қызылорда облысының білім басқармасының «Облыстық физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;

54) «Қызылорда облысының білім басқармасының «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық және инновация академиясы» қосымша білім беру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»;

29) тармақша алынып тасталсын.

2. «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы №678 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 43-8) тармақшамен толықтырылсын:

«43-8) облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы, кент, ауыл және басқа да елді мекендерде орналастырылатын қоше анашпалаттарының эскиздеріне келісім беру».

3. «Қызылорда облысының білім басқармасы», «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемелері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.З. Шермағанбетке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы әкімінің міндетін атқарушы Д.ЖАНАЛИНОВ

БАСТАПҚЫ ЖАРНАСЫЗ БАСПАНА

ӘСКЕРИ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

«НАУРЫЗ ЖҰМЫСКЕР» БАҒДАРЛАМАСЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ АЯҚТАЛДЫ

«Әскери баспана», «Наурыз әскери» бағдарламаларының өзгерлерден ерекшелігі – алғашқы жарна міндетті емес. Осылайша жыл сайын 7 мың әскери қызметкерге несие беріледі. Қатысушылардың тізімін жұмыс орны жасақтап, банкке хат жібереді.

6 пайызбен үй алуға болатын «Әскери баспана» бағдарламасы екі-үш жылдан бері тоқтап қалған еді. Биыл бұл қайта қосылды. Ал «Наурыз әскери» – жаңадан қосылып жатқан бағдарлама.

Несие көлемі Астана мен Алматы қалалары үшін 36, ал басқа өңірлерде 30 миллион теңге. Егер алғашқы жарнаға үй бағасының 20%-дан 50%-ға дейін қаржысын құйған жағдайда, банк несие сомасын 80 миллион теңгеге дейін ұлғайтады.



– Өздігіңізден банкке барудың қажеті жоқ. Біз тиісті мекемелерге хат жолдадық. Олар тарапынан кімнің пәтері жоқ, сол бойынша тізім жасалады. Ең бірінші кезекте оған көпбалалы, мүгедек бала асырап отырғандарға басымдық беріледі. Егер тізімде болсаңыз банкке келіп, табыс растауыңыз керек. Ал егер «Наурыз әскери бағдарламасы» арқылы үй алғысы келетіндер 9 пайызбен қатысады.

«Әскери баспана» – енді қосылып жатқан бағдарлама. Оның бір жақсы жері үйді екінші нарықтан алуға болады. Егер бастапқы 20 пайыз қаржысын салса, 50 миллионға дейінгі үйді алады. Бір ескеретіні ол 18 пайызбен беріледі. Салымшы жер үй немесе көпқабатты үйден таңдай алады. Тағы бір айта кетерлігі, егер әскери қызметкердің бұрыннан жинағы болып, үйдің 50 пайыз қаржысын салса, онда небәрі 6 пайызбен ғана алады. «Отбасы банкте» бағалау көрсеткішін 16-ға толтырса, қандай бағдарлама арқылы алса да 5 пайыздан 3,5 пайызға дейін төмендетіп үй алуға мүмкіндік бар, – дейді Гүлнұр Абайқызы.

сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою жөніндегі қызмет, құрылыс, тасымалдау және сақтау салаларында жұмыс істейтіндер өтініш бере алады.

«КОНЦЕПЦИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТАЛДЫ

«Концепция» бағдарламасы арқылы құжат қабылдау желтоқсанның 3-і мен 11-і аралығында басталды. Осы бағдарлама арқылы жеңілдетілген несиемен бюджеттік мекеме қызметкерлері, әлеуметтік осал топтар, қатыса алады. Сонымен қатар жинақта қаржысы бар кезекте тұрған азаматтар 5 пайызбен қатыса алады.

Қызылорда қаласында жаңадан салынып жатқан тоғызқабатты екі үйден осы бағдарлама арқылы пәтер алуға болады. Екі үйдің пәтер саны – 120. Айталық, бір бөлмелі пәтерді 11 206 734, екі бөлмеліні 14 578 457, үш бөлмелі пәтерді 20 546 679 теңгеге рәсімдеуге болады.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

///БРИФИНГ

АГРАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ АУҚЫМДЫ ІСТЕР

Сыр өңірінің аграрлық саласында ауқымды істер жүзеге асып келеді. Биыл облыс еңбеккерлері 211,5 млрд теңгенің өнімін өндірді. Өсім көрсеткіші 1,9 пайыз, негізгі қорға салынған инвестиция көлемі 44,9 пайыз өсті. Қызылордалық диқандар 189,6 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын екті. Күріш көлемі 80,9 мың гектар болды.

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, суды көп қажет ететін дақылдар көлемі азайтылды. Мәселен, өткен жылмен салыстырғанда биыл күріш алқабы 4,7 мың гектарға қысқарды. Су ресурстарын тиімді пайдалану үшін қолға алынған егістік жерлерді лазерлік тегістеу өз жемісін берді. Нәтижесінде диқандар бұл әдіспен 60 мың гектар күріш егіп, суды 20 пайыз үнемдеді. Өнімділік артқандықтан, алдағы жылы бұл көрсеткішті 65 мың гектарға ұлғайту көзделіп отыр. Егіс алқаптарын 2028 жылға дейін толығымен тегістеу жоспарланған, — деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Тамшылатып, жаңбырлатып суару әдісін кеңінен қолдануға жол ашылып отыр. Бүгінде оны пайдалану 8,1 мың гектарға жетті. Бүлөткен жылмен салыстырғанда 2 есе артық. Шиелі, Қазалы, Арал аудандарында шетелдік компаниялардың қатысуымен 3 ірі жоба жүзеге асып, тамшылатып, жаңбырлатып суару әдісімен жүгері, жоңышқа дақылдары егілуде. Ауыл шаруашылығын әртараптандырып, су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізуге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларына алдағы 3 жылға 34 млрд теңге қарастырылған.

Айта кетерлігі, қазір мемлекет тарапынан ұсынылған мүмкіндікті барынша тиімді пайдаланып, бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіп кешенін құру, саланы әртараптандыру бағытында бірқатар жобаны жүзеге асыруға мән беріліп отыр. Атап айтқанда, өңірде қуы 40 млрд теңгеге жүгеріні терең өңдеуге бағытталған Қызылорда



крахмал-сірне зауыты жобасы жүзеге асырылуда.

— Бұл жоба 2025-2029 жылдар аралығында екі кезеңде іске асады. Бірінші кезеңде кептіру кешенінің құрылысы жүргізілсе, одан кейін жүгеріні терең өңдейтін зауыт салынады. Алғашқы кезеңде зауыт тәулігіне 1200 тонна жүгері дөнін кептіріп, ол үшін 30 мың тонналық сақтау қоймасы бой көтереді. Бүгінгі күні зауыт құрылысы үшін 35 гектар жер телімі табысталды. Сондай-ақ 10 мың гектар жерге дән жүгері дақылын егуге шаруалармен келісімдер жасалды, — деп сөзін толықтырды басқарма басшысы.

Сондай-ақ егісті әртараптандыру, күрішті онтайландыру мақсатында швейцариялық «Харвест Групп» компаниясы құны 51 млрд теңгенің жобасын жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Сол арқылы 21 мың гектарға қарасора, жүгері және соя дақылдарын егіп, терең өңдейтін агроиндустриалық кластер құрылады.

Қолдаудың арқасында төрт түлік мал басы өсіп, өнім өндіру тұрақты ұлғаюда. Биыл Жаңақорған ауданында «Қожамберді бағы» ЖШС-ның мал сою және ет экспорттау орталығы іске қосылды. Аталған серіктестік Түркиямен 1000 тонна ет

өнімдерін экспорттауға келісімшарт жасады. Бұдан бөлек, «Қызылорда Құрылыс НК» ЖШС-ның 800 басқа арналған тауарлы-сүт фермасы құрылды, — деді Талғат Дүйсебаев.

Облыста ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуеті артып келеді. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, облыстан 32 млн доллардың 68,7 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімі әлемнің 17 мемлекетіне экспортталды. Шетелдік тұтынушылар күріш, балық өнімдері, қамыс, күріш қалдығы, қызанақ, қауын, қарбызға ерекше сұраныс танытып отыр. Экспортталған өнімнің 88,3 пайызы — күріш. Қазірге дейін 60 435,9 тонна күріш Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина, Әзербайжан, Өзбекстан, Грузия, Моңғолия және Иракқа экспортқа шықты. Сондай-ақ Ресей, Литва, Германия, Дания, Нидерланд, Қытайға 1 734,4 тонна балық, Германия, Польша, Түркия, Ұлыбритания және Нидерландқа 3 679,5 тонна қамыс жол тартты. Оған қоса Ресейге 160 тонна күріш қалдығы, 200 тонна қызанақ және 2 200 тонна қауын-қарбыз жіберілді.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

///ДЕНСАУЛЫҚ

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ АХУАЛЫ ЖАҚСАРДЫ

Ұлт саулығын нығайтып, ауыл халқына сапалы медициналық қызмет көрсету — мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керек» деп атап өткен болатын. Осы орайда елімізде, оның ішінде біздің өңірде де тұрғындар саулығын сақтау, аурудың алдын алу, саланың басты индикаторларының бірі — өмір сүру ұзақтығын арттыру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Аймақта «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы қарқынды жүзеге асты. Ұлттық жоба аясында 28 медициналық нысан салынып, пайдалануға берілді.

Мәселен, Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында бір ғана Шиелі ауданында кешенді әрі жүйелі жұмыс атқарылды. Ауыл халқын сапалы алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз етуді мақсат тұтқан ұлттық жобаның арқасында тұрғындардың денсаулығын жақсарту ісі ілгерілеп келеді.

Шиелі аудандық көпбейінді орталық ауруханасына қарасты Бала би, Досбол би, Қарғалы, Ортақшыл, Алматы, Ә.Тәжібаев, Тартоғай және Бестама елді мекендеріндегі дәрігерлік амбулаториялардың тозығы жетіп, техникалық сараптама қорытындысы бойынша апатты жағдайда деп танылған болатын. Кейінгі екі жылда материалдық-техникалық жағынан жарактандырылған, заманауи үлгідегі 8 дәрігерлік амбулатория салынып, пайдалануға берілді.

Дәрігерлік амбулаторияларда физиотерапия, денешынықтыру, филътр, акушерлік кабинеттер, дәрiхана мен дерлік койма, химизатор, тiркеу бөлiмi, медициналық қалдықтарды сақтау және дезинфекциялық ерiтiндi дайындау бөлмелерi қарастырылған. Әр нысанда 4 төсек-орындық күндізгі стационар жұмыс істейді.

Аудандық аурухананың жұкпалы аурулар бөлiмi 1974 жылы асармен салынған, тозығы жетiп, апатты жағдайда тұрған болатын. Тамыз айында 30 төсектік жұкпалы аурулар бөлiмi салынып, қолданысқа берiлдi.

Онда 20 бокс, 2 төсек-орындық қарқынды терапия палатасы, 3 процедуралық және қарау кабинетi, шағын операциялық блок бар. Бөлiмше тәулiк бойы жұмыс iстейдi және қа-

уіпті инфекцияларды ерте анықтау, оқшаулау, емдеуге толық дайын.

Облыс басшылығының, денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен 27 жаңа жедел жәрдем қолдағы ауылдағы ауылдық амбулаторияларға табысталды.

Клиникалық фармакология қызметін жетілдіру жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасы аясында аудандық ауруханада госпитальдық фармация бөлімі ашылып, қазір жұмыс атқаруда.

«Болашақ» дәрігерлік амбулаториясы 1970 жылы салынған, 75 пайыз тозығы жеткен нысан болатын. Бүгінде күрделі жөндеуден өткізіліп, материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Кабинеттер санитарлық және техникалық талаптарға сәйкестендірілді, жаңа медициналық аппараттар орнатылды, қабылдау аймақтары кеңейтілді.

Шиелі ауданаралық ауруханасының көпбейінді ауруханаға айналуына байланысты медициналық қызмет ауқымы ұлғайды. Емдеу мекемесі МРТ аппаратымен жабдықталды. Аудандық аурухана жанынан жаңа ғимарат құрылысы аяқталып, 18 төсектік инсульттік және диагностикалық бөлімше қолданысқа берілді.

Аудан дәрігерлері Германия, Түркия, Литвада білімін жетілдіріп, тәжірибе алмасып, заманауи медициналық тәжірибелерді меңгеріп келді.

Бұл бастамалар Шиелі ауданындағы медициналық қызмет сапасын арттыруға, халыққа қолжетімді әрі сапалы медициналық көмек көрсетуге бағытталған.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Өткен ғасырдың 50 жылдар басында ауыл-ауылға радио желілері тартылып, қалың ел радио торабынан алуан түрлі хабарлар, шалқыған ән мен күмірлергең күй тыңдап, жандарына рухани азық алған. Оқта-текте ауылға әртістер де келетін... Соғыстың зардабын ауызбірлік пен ерен еңбектің арқасында жеңе білген халықтың рухани жетілуі үшін, мәдениет пен өнердің қажеттілігі айтпаса да түсінікті еді. Әуелі бар ынта-ықыласымызбен тыңдайтынмыз Жамал Омарованың «құлақтан кіріп, бойды алған» қайталанбас әсем қоңыр үні, асқақтата салған әндері еді. Бірнешеуін атай кетсек олар: «Айкөк», «Биыл», «Қараторғай», «Ләтипа», «Алтай», «Қиын екен қыз дегенін», т.б. Жамал апаның өншілігіне ешкім таласа алмайды. Өз басым мұндай дауысты, мұндай сұңғыла нақышты әуенді ән әлемінен бұрын-соңды естімеген боларымын... Енді тақырыбымызға келейік.

Арқаның ән еркесі

Жамал апамыздың ізін ала тыңдаушысын әсем әнімен тербеп Рабиға Есімжанова шықты. Бұл әншінің де салған әндерін құмарта тыңдадық. Әсіресе менің әжем риза болушы еді. Әжемнің де есімі Рабиға болатын. Бірде кешкілік радиодан: «Алматыдан сөйлеп тұрмыз, Рабиға Есімжанованың орындауындағы халық әндерін береміз», — деді диктор.

Әжем: «Келіндер, тыңдандар», — деп мені және қарындасым Шәкізаданы қасына шақырып алып, отырғызып қойды. Ән әуеледі. «Басында биік таудың мұнары бар» деп басталған кербез ән қайырмасына келгенде:

«Ақша маңдай, қара көз,
Өзіңдізй бекзат жек,
Тым болмаса

хат пен хабар сөзін жоқ» деп жеделдете берді. Сөйтсек, бұл «Әптік» деген ән екен. (Затаевич нотаға түсіргенде бұл әнді Әсет Найманбаевтікі деп көрсеткен.) Әрі қарай тағы бір әнді «Қамысы Әуілдектің мүше-мүше, сарғайдым осынау көлдің суын іше» деп шырқағаны санамда қалған. «Әуілдегі» несі? деп ойлаған, сол бала күнімдегі тыңдаған жұмбақ әннің бастапқы екі қатарын әлі күнге ұмытпаппын. Сол жолы Рабиға Есімжанова «Гайхартас», «Ләйлім шырақ», «Тау ішінде» әндерін де айтқан еді. («Тау ішінде» Сәкен Сейфуллиндікі ғой).

Рабиға Есімжанова кім? Енді соған келейік. Ол 1914 жылы Ақмола облысы, Қорғалжын ауданындағы «Талдысай» деген жерде дүниеге келеді. Көз көргендердің айтуынша, Рабиға өнер қонған әулеттен. Атасы Бабақтан төрт бала — Сейітжан, Қосымжан, Досымжан, Есімжан туады. Бабақтың өзі ән салғанда дауысы алты шақырым жерге жетеді екен. Рабиға сол Бабақ ақсақалдың Есімжаннан туған жалғыз қызы. «Рабиға апамызды бәрі: әжесі, әкесі, анасы Тайкен ерте жасынан ән салуға бауылған» дейді немере сінісісі Сәуле Досымжанова. Дерек көздерден білгеніміз, бұл шаңыраққа өнер қонған. Осы ретте композитор Ахмет

Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» деген кітабының 335-336-беттерінде былай деп жазды. «Бабақтан тараған балалардың бәрі өнер иелері еді. Олар Бабақтың ордасын ән мен жырга бөледі. Есімжаннан туған Рабиға Қазақстанға белгілі әнші болды...».

Енді маған бала күнімде жұмбақ болған «Әуілдекке» аз-кем тоқтайлық. «Әуілдек» көлдің аты екен. Жаңсақ айтылып жүргендей «Әуілдек» халық әні емес, әннің авторы Рабиға Есімжанованың нағашысы Мақажан Шитенұлы деген жас жігіт болған. Сөзі мен сазы гармониялық үйлесім тапқан сағыныш ән. Мәтіні мынадай:

Қамысы «Әуілдектің» мүше-мүше, Сарғайдым осынау көлдің суын іше. Қос қанат құсқа біткен маған бітсе, Барар ем қалқатайға әлденеше. Еріксіз «Әуілдекті» мекен еттім, Жасым жас, жиырмаға жас жеттім. Айырған ғашықтарды аныратып, Ісіне бар ма шара құдіреттін...

1925 жылы әкесі Есімжан өмірден озып, Рабиға Досымжанның тәрбиесінде болады. Ән қанатына ілескен Рабиға 17 жасында, яғни 1931 жылы Алматыға келеді. Себебі, Өміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебековтермен қатар жүрген, өзі әнші, өзі композитор әкесінің ағасы Қосымжан Бабаков Рабиғаға осылай ақыл берген. Рабиғаның өнер жолына түсуіне Қосымжан Бабаковтың көп ықпалы тиген десек қателеспейміз. Қосымжан Бабаковты әйгілі жазушы Мұхтар Әуезов ерекше бағалаған деседі... Сәті түсіп Рабиға театрға жұмысқа орналасады. Үлкен қалада ешкімі жоқ, бірақ болашағы бар жас қызды Күләш Байсейітова өз қамқорлығына алып, 3 жыл Рабиға Күләштің үйінде тұрады. Күләштан көп нәрсе үйреніп, өнерге машықтанған, оның үстіне әртістік қабілеті жетерлік Рабиға Есімжанова «Ендік-Кебекте» Ендіктің ролін, «Айман-Шолпанда» Айманның ролін ойнайды... «Айман-Шолпан» пьесасы Алматы халқының қызығушылығын тудырып, бір күнде екі рет қойған кездерінде Күләш апасы екеуі бір көйлекті кезек киіп

шығып, Айман образын келістіре сомдаған ғой. Қазақстанның халық әртісі Қанабек Байсейітов өзінің «Құштар көңіл» атты естелік кітабында: «Күләштің де, Рабиғаның да атағын «Ендік-Кебек» шығарды» деп жазды.

Рабиға театр директоры Орынбек Бековпен бас қосады. Сәл кейінірек Мәдениет министрлігі Орынбек Бековты Семейге жана театр ашуға жібереді. Рабиға Есімжанова күйеуімен бірге барып, Семей театрында да ерекше құрметке бөленеді. 1938 жылы Орынбек Беков ұсталып, репрессия құрбаны болып атылып кетеді де, Рабиғаның басына «халық жауының әйелі» деген қара бұлт үйіріледі. Бас сауғалаған ол туған жері Қорғалжынға қашып келіп, мектепте өл-күйден сабақ береді. Сабағының тартымдылығы сондай, құлды концерт сияқты етіп өткізетін болған. Қолы бос ата-аналар, мұғалімдер барып, тыңдап отырады екен...

Бірде Қорғалжын ауданында партия жиналысы болады. Жиналысты аударып партия комитетінің хатшысы Раббани Мұхамедияров өткізеді. Жиналыстың соңында қатысушылар Рабиғаның ән салуын сұрайды. Әрине, халық тілегі орындалады. Рабиға бірнеше әнді келістіре шығарайды. Әншінің қоңыр үні аупартком хатшысының назарын өзіне аударады. Көңілі құлаған әншіге Раббани сөз салып, екеуі көп ұзамай отау тігеді...

Қай жерде де, қай кезде де көре алмаушылар табылады ғой, Раббанидің үстінен арыз түседі. Арызда «Аупартком хатшысы бола тұра «халық жауының» әйеліне үйленді», — деп жазылған. Раббани Мұхамедияров бірінші шақырылған Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің депутаты екен. Бұл арыздан қалай құтылады? Әрі қарай оқиға былай өрбиді: «Мен Есімжановаға үйленбес бұрын, ол күйеуімен 6 ай бұрын ажырасып кеткен, — деп түсінік береді Мұхамедияров. «Мұны кім растайды?» дегенде, растап күнәлік етушілер Раббанидің қасынан табылады. Олар сол шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің депутаттары Күләш



Сурет ашын дереккөзден

Байсейітова мен Шара Жиенқұлова еді. Осыдан соң Раббани Мұхамедияров Қарағанды облысы прокурорының орынбасары қызметіне ауыстырылып, екеуі осы қалада біраз жыл тұрады.

Раббани Мұхамедияров Қазақ ССР прокурорының орынбасары қызметіне көтеріліп, олар енді Алматыға көшіп келеді. Рабиға Есімжанова Қазақ радиосына әнші болып орналасады. Әнші бұл жерде 1946 жылдан 1960 жылға дейін қызмет етеді. Қазақ радиосының алтын қорында Рабиғаның 40-қа жуық әні, біршама әңгімелері мен естеліктері бар көрінеді.

1960 жылы жолдасы Раббани Мұхамедияров қайтыс болады. Рабиға апамыз «Қазақконцертке» ауысып, өмірінің соңына дейін осында жұмыс жасаған. Ол гастрольдік сапармен Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, ауылдық жерлерге көп барған. Гастрольға шыққанда жас әншілерді қасына ертіп, оларға аналарндай қамқорлық жасайды екен. Әсіресе Бағдат Сәмедияновы өзіне жақын тартып, шөкірт етеді. Әуелі «Секіртпе» деген әнді үйреткен. Өзінің бір естелігінде Бағдат Сәмедиянова «Алғашқы гастрольдік сапарымда Рабиға апамызбен бірге өз ауылы Қорғалжынға бардым. Мұнан кейін ауыл-ауылды аралап концерт бердік. Барлық жерде мені «бұл менің қызым, кішкентай қара қызым» деп таныстырып отырды. Халық бізді өте жақсы құтті, құрметтеп жағалай қонақ етті. Сол бір сәттер менің әлі көз алдыма тұр... Апайдың аңқаулығы да бар еді. Бір жылдары ақша инфляция болып, 30 сом ақша 3 сом болып қалған... Апай жұмысқа №30 автобуспен барады екен. Аялдамаға келіп сәл тұрғанда №30 автобус келіп тоқтайды, бірақ апай отырмайды. Жан-жағындағы адамдардан «Мен бұрын отызшыны автобуска отыратын едім, енді 3-ші автобуска мінем бе?» деп сұрағанда жұрт ду күлген ғой...».

Рабиға Есімжанованың көзін көріп, тәрбиесін алған өнер иесі Құлшара Есестова «Ол кісі өте қарапайым еді. Ел аралап концерт қойғанда, «Қазақстан-

ның халық әртісі» атағы бола тұра бізбен бірдей, біз қалай болсақ апайымызда сондай болатын. Рабиға апай ешқашан ақшаға қызығып концерт берген емес. Ұстазымыздың 70 жылдығында ол кісіні ортамызға алып, Алматы халқына керемет концерт бердік. Айтайын дегенім, сонда Рабиға апай «Секіртпе» деген әннің алғашқы шумағын өзі орындап, екінші шумаққа келгенде Бағдат Сәмедиянова әнді бір тон жоғары көтеріп жіберіп қайырды. Көрермендер сатырлата қол соқты. Жалпы, Бағдаттың түрі, дауысы, ән салу мәнері Рабиға апасына ұқсайтын» деп еске алады.

2014 жылы күміс көмей әншінің 100 жылдық мерейтойы өзінің туған жері Қорғалжында аталып өткен. Жан-жақтан халық көп жиналып, туған-туыстары, өзінің шәкірттері келіп естеліктер айтып, балуандар белдескен, ұлттық спорттық ойындар ұйымдастырылған. Әнші көзі тірісінде ешқашан Қорғалжыннан қол үзбегі. Жылма-жыл келіп, концертін беріп, өнерге бейімі бар жастарды ертіп әкетіп, тәрбиелеген. Жалпы Қорғалжын елі құт-береке қонған, қазақ халқының салт-дәстүрлерінің қаймағы бұзылмай сол қалпында сақталған қасиетті топырақ, мұндағы айна көлдер мен мөйдір бастауларға дейін сыңғырлап күй шертіп жатқандай әсерге бөлейді. Бұл өңірден талай-талай өнер тарландары шыққан. Құлтура ақын, әйгілі «Дударай» әннің авторы Ұлбай Әнетов, Мәриян Жағорқызы, белгілі кылқобызшы Дәулет Мықтыбаев, композитор Кенжебек Күмісбеков осы жердің тумалары. Қазақ елінің өнері мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосып Арқаның ән еркесі атанған Рабиға Есімжановаға «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі», «Қазақстанның халық әртісі» атақтары беріліп, «Құрмет белгісі» орденімен нағардалған. Қорғалжын ауданында балалардың ән-күй мектебі, Астана қаласының сол жағалауындағы бір көше Рабиға Есімжанованың атымен аталады. 2024 жылы Рабиға Есімжанованың 110 жылдық мерейтойы Қазақстанның төрт облысында, яғни Ақмола, Қарағанды, Семей, Алматы облыстарында кең көлемде аталып өткен. Атақты әнші 1986 жылы 72 жасында дүниеден озды.

Рабиға Есімжанованың орындаушылық шеберлігі жөнінде белгілі қаламгер Бексұлтан Нұржекеев: «Рабиға Есімжанова қазақ әншілерінің ішінде ұлттық бітімді айрықша айышқалып тұратын әнші. Оның үніндегі ұлттық нақыш қайталады бермейтін сирек қасиет. Рабиғаның дауысында ақыл мен парасатты, сүйсіну мен тандану сезімдерін түгел баурап алатын алапат құдірет бар. Оның қазақы үні сонау ерте кезден сақталып қалған, келе-келе сомдалып, бүгінгі күнмен сабақтасып жатқан тарихи әуен секілді» депті.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
ҚР Білім беру ісінің құрметті
қызметкері
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ТАҒЫМ

Ежелден ерлік пен елдіктің, береке мен бірліктің, өнер мен мәдениеттің киелі мекені болған Сыр топырағында биік тұғырлы тұлғалардың есімі, ерлігі тарихта таңбаланған. «Өмір-өзен ағып жатыр, тынбай, тоқтаусыз. Өмір – Алпаның адамзатқа бұл ғаламда бір-ақ рет берілетін қымбат сыйы, жарық сәулесі әрі сынағы. Сондықтан әрбір адам бұл өмірде төзімділік, табандылық танытып, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білу керек» дейтін көнекөз қариялар. Адам баласы өмірдегі кездесетін қиыншылықтарды, кедергілерді ақыл-оймен, сабырмен жеңіп, өмірдің әрбір сәтін мәнді де сәнді өткізіп, жарық сәуледей жарқын ете білуі керек.



ТЕКТИНІҢ ТОНЫ
ТОЗБАЙДЫ,
АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Бүгінгі мақаламызға Сыр топырағынан нәр алып, саналы ғұмырында туған жері мен халқына адал қызмет істеген тұлғаның бірі, беделі биік, мәрттігі өзіне жарасқан, Сыр елі құқық қорғау қызметінде ерекше орны бар полиция полковнигі Толысбек Мырзабеков ағамыз арқау болып отыр.

Иә, кимас әке, адал жар, ардақты аға, біреуге қадірлі іні, біреуге сенімді дос, ұлағатты ұстаз бола білген асыл азамат арамызда болғанда быыл 74 жасқа толатын еді. Уақыт жүйрік. Төкеннің де қайтыс болғанына осы жылдың 16 желтоқсанында 25 жыл толады екен.

Ол сонау 90-жылдары, ел егемендігіне енді қол жеткізген тұста, уақытылы жалақы бермейтін, кейде жалақы орнына азық-түлік тарататын күрделі кезеңде қалалық, аудандық, облыстық милиция-полицияда аға басшы құрам лауазымын атқарды. Оның өмірбаянына қысқаша тоқталып өтсек.

Т.Мырзабеков 1951 жылы Теренөзек ауданында елге беделді Мырзабек әкеміз бен Жамал анымыздың отбасында дүниеге келген. 1973 жылы милиция қызметіне кіріскен. 1987 жылы КСРО Ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғарғы мектебін аяқтаған. Облыстық ішкі істер басқармасының аға тергеушісі, Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімі бастығының бірінші орынбасары, Қазалы аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, облыстық басқарманың ішкі қауіпсіздік бөлімінің бастығы, басқарма бастығының орынбасары лауазымдарын абыроймен атқарды. Қызмет барысында министрліктің, облыстық ішкі істер басқармасы, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің ақшалай, заттай сыйлықтарымен, медальдармен марапатталды. «Кенес милициясының үздігі» атанды.

«Ағадан – ақыл, атадан – нақыл» дейді дана қасак. Т.Мырзабековтің жеке ісіне үңілсек, курс бастығы, полковник Б.Қонқаев қол қойған аттестация парағында курсанттар арасында абыройлы екені, мектептің комсомол бюросының, халық бақылау тобының мүшесі, оқу взводының командирі болып тағайындалғаны көрсетілген. Сондай-ақ басқарма бастығының бірінші орынбасары, полковник А.Сағымбаевтың, басқарма бастығы, генерал Е.Демесін-овтің өте жақсы мінездемелері берілген.

Адам баласының адам баласынан айырмашылығы – оның бойындағы ақылы, білімі, мінезі, салқынқандылығы, жомарттығы және т.б. жақсы қасиеттері. Осы қасиеттер Төкеннің бойынан табылды. Туымы, түрі, жүріс-тұрысы, сөзі, мінезі бөлек, ерекше болды. Ол өзінің сауаттылығымен, шыншыл, тазалығымен, тектілігімен, ешкімнің алдында тайсалмайтындығымен, тұрашылдығымен, еңбекшілдігімен бауырмашылдығымен әріптестерінің есінде қалды. Баста түсі суық, қатал болып көрінгенмен, сөйлесе бастасаң жүрегі жұмсақ, жаны жайдары адам. Қызметте өзіне де, қарамағындағы қызметкерлерге де қатал болды, бірақ

қатыгез болған жоқ, әділ болды, әділетсіз болған жоқ. Нар тұлғалы, ер мінезді, адамгершілігі мықты азаматтарымыздың бірі еді. Өмірлік тәжірибесі мол ағадан ақыл-кеңес алған, қарамағында қызмет еткен әріптестері, тәрбиелеген шәкірттерінің барлығы қазір зейнетке шығып та үлгірді.

1987-1988 жылдары басқарманың қалалық өрттен қорғау бөлімінің анықтаушысы болып қызмет етіп жүрдім. Қасақана жасалған өрт құжатын тергеу бөлімшесіне тапсыру, қылмыстық істердің тергеу барысы туралы ақпараттарды алу үшін қалалық милицияға жиі келем.

Ол кісі Қазалы милиция бастығы болған кезде Қазалыға жиі барамын. Бөлімдегі тазалық, жана құрылыс, өзгерістерді байқаймын. Қызметкерлердің тәртібі түзеліп, бөлімде қатаң тәртіп орнағаны көрініп тұрады. Бірнеше рет іссапар кезінде қызметтің бөлмесіне кіргенде мені құрметті қонағындай жақсы қарсы алып, қайда орналасқаным, жұмыс барысы, қандай ескертулер бар екені туралы сұрап, жазып алып, кі-нәлілер мен орындаушыларды шақырып, қысқа уақытта кемшіліктерді жойып, анықтамаға олардың жойылғаны туралы өзгерістер енгізілді.

Төкеннің аға басшы құрамы лауазымдарында, әсіресе басқарма бастығының тергеу қызметі жөніндегі орынбасары лауазымында қызмет атқарған уақыты өте ауыр кез еді. Басқарма бастығының орынбасары Б.Көпенованың Парламент депутаты болып сайлануына байланысты ол лауазымға Т.Мырзабеков тағайындалды. Оның облыс тергеу саласына жетекші болған кезі қылмыстық құқық саласында, жалпы еліміздегі заң саласындағы күрделі кезең болатын. Бұл Кеңес үкіметі тарқап, егемен елімізде қылмыстар мен құқықбұзушылықтар қатары көбейіп, оларды қылмыстық, әкімшілік жауапқа тартатын Кеңес кодекстері, заңдарының күші жойылып, еліміз жаңа кодекстер, заңдар қабылдамаған қиын жылдар еді. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің әр бабын қолдану практикасын алдын ала министрлікпен, прокуратура, сотпен ақылдасу, келісу керек. Қылмыстық заңнаманы, заңдарды оқып білу бір де, оларды практикада қолдану мүлдем басқа. Ол теорияны жақсы білетін сауатты жас мамандарды тәжірибелі тергеушілерге қосып, ұстаздың шәкіртті үйретуіне жағдай жасады. Өтірікке жаны қас болды.

Әлі жетіле қоймаған заңнама бойынша қылмыстық істерде орын алатын көптеген қарама-қайшылықтарда прокуратура, сот тергеу мүддесін қорғау оңай емес екені түсінікті. Осы кезде Төкен қылмыстық заңнаманы заңды, дұрыс қолдануда қажырлы еңбегімен көзге түсті. «Аға болсаң ақыл айт, ақыл айтсаң мақұл айт» демекші, оны қызмет барысында басқарма бастығы, бұрынғы прокуратура тергеушісі, Арал ауданының прокуроры, полковник Тастемір Сауранбайұлы Рақымов қолдады. Құқық қорғау, сот

органдарында үлкен абыройға ие Т.Рақымов басқарма, тергеушілер ұстанымын, пікірін қолдай білді. Төкен саналы өмірін Сыр бойында қылмыс пен құқықбұзушылықтарға қарсы күресуге, азаматтардың өмірі мен денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арнады. Елдің өркендеуіне айрықша үлес қосты. Төкен тергеуші болған заманда қазіргідей компьютер түгiлi жазу машинкасының өзі тапшы, екі-үш тергеушіге бір машина болатын. Т.Рақымов бастығымыз айтқандай, «тергеуші жұмысы инемен құдық қазғандай» еді. Қызметте талапшыл, турашыл, табанды болған Төкен жұмыста шаршап-шалдығуды білмейтін. Оның артынан жаман әңгіме ерген жоқ. Өзіне тапсырылған міндетіне зор жауапкершілікпен қарады. Ісі көптеген қызметкерге үлгі болды.

Төкеннің өзінен кейін інісі, елгі белгілі азамат Аюпхан Мырзабекұлы Сырдария ауданы «Сельхозэнерго» мекемесінің басшысы болып жүргенде ағасының көмек көрсеткені туралы еске алады. Республикада сол кезде жарияланған «Тұрғын үй-91» науқаны барысында аудан басшылығы әрбір мекеме жұмысшыларын тұрғын үймен қамтамасыз етуді бақылауға алған, бірақ қаржы жоқ. Бірде Қазалыдан Қызылордаға келген ағасының алдына тұрғын үй салудағы қиыншылықтарды жайып салады. Ол «Сельстрой» тресінің сол кездегі бастығы, досы Ф.Фаткулдиновке телефон соғып, мәселені тез шешіп береді. Қаржы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы орталықтандырылған қоры есебінен бөлініп, тұрғын үйді «Межколхозстрой» құрылыс мекемесі салады. Сөйтіп, Төкеннің арқасында екі жылда сапалы үш үй құрылысы аяқталып, мекеменің көпбалалы және жас отбасылары пәтерге ие болды.

Төкеннің қарамағында тергеу қызметінің бастығы болған Ғ.Отарбаев ағамыздың сауаттылығын, ұйымдастырушылық қабілетін еске алып, ризашылықпен әңгімелеп отырады.

Отыз жылдан аса департаменттің медицина қызметінің бастығы лауазымын атқарып келген С.Ибраев Қазалыда іссапарда болғанында Төкеннің ішкі істер бөлімінің екінші ғимаратын сала бастағанын, тазалыққа, санитарлық жағдайға қатты көңіл бөлгенін, жайы бөлімде үлкен өзгерістер байқағанын айтады.

Ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері, Журналистер одағының мүшесі Б.Жаксыбай Т.Мырзабеков туралы: «Қеуделі, ірі денелі, батыр тұлғалы, ақсары келген отыз жеті жастағы милиция капитаны Т.Мырзабеков келген күннен бастап-ақ өзінің тәжірибелі басшы екендігін көрсетті. Оны жеке құрамға таныстыруға алып келген басқарма бастығының кадр жөніндегі орынбасары, полковник С.П.Константинов озат,

тәжірибелі тергеуші болғанын, қалалық милиция бастығының орынбасары лауазымында талапшылдығымен, сауаттылығымен көзге түскенін айтты. Ол бірінші күннен бастап жеке құрам арасындағы әскери-қызметтік тәртіпті, тазалықты қолға алды. Әсіресе қызметте спирттік ішімдік ішкен қызметкерлерге қатаң шара көріп, бірнешеуін жұмыстан шығарды. Қызметкерлер тәртіп бұзбайтын болды. Аула, ғимарат ішінің тазалығына, қызметкерлердің формалық киім кию, қызметтік көліктерді пайдалану, таза ұстау, жол жүру ережелерін қатаң сақтау мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Жұмысқа уақытылы келіп-кетуін, тапсырма, нұсқауларды уақытында, сапалы орындауын, тіпті қандай мерзімді баспасөзді, қандай кітап оқитынын, бос уақытта немен айналысатынын, отбасы мүшелерінің жағдайын өз бақылауына алып, ретке келтірді. Қарамағындағы басшылардың сауатты жұмыс жасауын дұрыс жолға қойды. Бөлімдегі «Ерлік даңқы» бөлмесі (шағын музей) жаңартылды. Аулаға, көше бетке көшет егуді, көгалдандыру жұмысын жақсартуды қолға алды. Сырдария өзенінің бойынан қызметкерлерге жер алып, жеке құрам отбасыларын бақша өнімдерімен қамтамасыз етті. Қызметкерлер мен зейнеткерлерге жер учаскесін қора-қопсыларымен алып, олардың мал ұстауына жағдай жасады. Қала сыртындағы балық түрі өте көп көлді сумен толтырып, келісімшартпен милиционер А.Арыстанбаевты жауапты етіп, бөлімге бекітіп берді. Ол көлдің екі жағына вагон үйлер қойып, қызметкерлердің демалыс орнына айналдырды. Мереке сайын қызметкерлер отбасына балық таратылды. Ол көл әлі күнге дейін «Милиция көлі» деп аталады.

Сырттан келген қонақтарды көлге апарып серуендетіп, балық сорпасын ішкізу, мерекелерде бөлімде мал сойылып, зейнеткерлер, партия, кеңес органдары қызметкерлерін, БАҚ өкілдерін қонақ етіп, дүниеден өткен әріптестерге Құран бағышта-лып, ақсақалдардан бата алу үрдіске айналды. Қатардағы қызметкерлерді оқу орындарына жіберіп, кейін олардың офицер атағын алуын қолдады. Бос уақытта отбасымен кинотеатрларға баруын ұйымдастырып, қадағалады. Балаларының мектептегі сабақ үлгірімін, тәртібін жасөспірімдер инспекторлары арқылы өзі жеке тексеріп отырды. Дене-шынықтыру мен спортпен айналасуына жағдай жасады, сабақтарға өзі жеке қатысатын. Т.Мырзабековке дейін Қазалы көшелерінде жастардың топтасып төбелесуі көп орын алатын. Бұзақылығымен белгілі болған тоғыз топ Төкеннің жеке араласуымен ыдыратылып, мүлде жойылды. Қылмыстың ашылу көрсеткіштері жоғарылады.

Осылайша, Толысбек Мырзабеков Қазалыға капитан болып барып, подполковник шенінде облыстық басқармаға жоғарыланды. Қызметі ауысқан кезде қазалылық ардагерлерді, жеке құрамды үйіне шақырып баталарын алды. Кейде жеке құрам алдында сөз сөйлегенде «Қазалыда жұмыс істеу бір үлкен университетті бітіргеннен де артық екен, менің соған көзім жетті» дейтін.

Шынында да ол ерекше, өтірікке, әділетсіздікке жаны қас кісі еді.

«Асыл туған адамның алтын жетпес нарқы бар. Жақсы менен жаманның аспан мен жердей паркы бар.

Асыл туған жақсының ақыл-ойы кең болар. Атадан жаман туғанның ақыл-ойы кем болар» дейді Марабай ақын. Осы бір ұлағатты сөздің мәні Толысбек ағаның болмысына сәйкес келеді.

Төкен отбасында бір қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Екеуі де жоғары білімді, үйлі-баранды. Ұлы Талғат әке жолын жалғап, Қарағанды жоғары мектебін аяқтады, полиция зейнеткері. Женгеміз Сәнімкүл немерелерін тәрбиелеуде. «Әдемі – қарттық бір бақыт» дейді халық сөзі. Ағамыз осы әдемі қартаю бақытын аяғына шейін көре алмады. Жасағанын жасын ұрпақтарына берсін, арты жақсылыққа жалғассын демекшімін.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ, заңгер-журналист, Ақпарат саласының үздігі, ҚР ПМ мен ТЖМ-нің Құрметті ардагері, заңастағы полиция полковнигі

ЖОБА

2026 жылға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну тарифтерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 142-бабына, «Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №281 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32987 тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2026 жылға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну тарифтері бекітілсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына қосымша

2026 жылға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну тарифтері

№	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер атауы	Қызмет алушылар санаттары	Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыныатын ұйымдар түрлері	Күніне 1 қызмет алушыға арналған тариф, теңге
1	2	3	4	5
1	«№ 1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ	Егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдар (қарттар); бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар	стационар	13557,96
2	«№ 2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ	Психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдар	стационар	13642,36
3	«Қазалы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ	Психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдар	жартылай стационар	14005,10
4	«Оналту орталығы» КММ	Егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдар (қарттар); бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар	стационар	19176,60
5	«Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы» КММ	психоневрологиялық патологиясы бар балалар	жартылай стационар	18550,84
		түрек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балалар	жартылай стационар	39140,13
		түрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары	жартылай стационар	16562,4
6	Үкіметтік емес ұйым	адам саудасының құрбандары	уақытша болу жағдайындағы	17631,06
			уақытша болу жағдайындағы	4780,08
				6250,02

ТАҒЫМ

ІЗІҢ ДЕ,
ІЗГІЛІГІҢ ДЕ
ӨШПЕЙДІ

Нысанбай ағамыз 1941 жылы Шиелі ауданына қарасты ХХХ жылдық совхозында, қазіргі Балаби ауылында дүниеге келген.



Балалық шағынан-ақ зерек, үлкендердің ұлағатты сөздерін жадына түйіп өскен жас мектепті жақсы бітіріп, Ташкент мемлекеттік университе-тінің геология факуль-тетінде оқыған. Кеңестік заманындағы атеистік қоғам білігі кезеңінде, сол Ташкент шаһарында жерленген ұлы Төле би баба мазарын іздеп тауып, ұрланып барып, өзі білген Құран аяттарын оқып жүруі ол кісінің бойындағы рухани қуаттың күшті болғанын аңғартады.

Нысанбай ағамыз – тарихта аты, артында өнегесі қалған Балабидің ұрпағы. Балаби – Қоқан хандығы билік құрып тұрған дәуірде датқалық қызмет атқарып, халқының сөзін сөйлеп, билік құрып, ел ішінің тыныштығын, бірлігін сақтаған тұлға. Тегіне тартқан азамат таза болмысын қай кезде де әділдік пен ақиқат айнасындай көрсете білді.

Жоғары оқу орнын бітірген соң Қызылордаға келіп елмен етене араласып, талай қызмет баспалдақтарынан өтті. Жалағаш, Теренөзек аудандарындағы құрылыс жөндеу мекемелерін басқарды.

Әр кезде мұқтаждарға көмек қолын соза білетін, жанылған жанға тура сөзімен жол көрсеткен Нысанбай ағаның халық арасындағы беделі биік болған.

Шиелі төңірегіндегі атақты жеті әулие жатқан Оқшы ата қорымына зиярат етушілер үшін аяқсалып, қорым айналасының қоршауына үлес қосқан азамат. «Біреуге тон кигізсең, өзін жылынасын» дейді халқымыз, Нысанбай ағамыз халық алғысын арқаалып, батамен көгерген ерлердің санатынан еді.

Бұл біріншіден, тектілік тініндегі мықтылық, екіншіден, тәрбиелен, біліммен келген қасиет болса керек.

Нысанбай ағамыз 1992 жылдың 3 қарашасында дүниеден өтті.

Жары, қармақшылық Мәдина апамыз ағамызға адал жар, сенімді серік бола білген саликалы, сарабадл жан.

«Атын жақсы болса – бұл дүниенің пырағы, алғаның жақсы болса – абыройыңның тұрағы» депті дана қазақ, осы бейнелі сөз Мәдина апамызға арналғандай. Ол кісі ағамыздың абыройын асқақтатып, отбасын берекеелі етті. Ағаның тұзды жақсы аты шықса, әулетте қадірі артқан азамат болды. Артына өшпес есімін, саналы ұрпағын қалдырды.

Мәдина апамыз 2014 жылы қасиетті бес парыздың бірі қажылық сапарға аттанып, сол сапарда сүйікті жары Нысанбай ағамыздың атынан Ұмра қажылығын өтеп қайтты. Алланың қалауымен нәсіп болған сауатты істі Мәдина апаның балалары орындады. Осылайша, атадан өсиет, анадан қасиет сіңірген тәлімдерін танытты.

«Орнында бар оналар» демекші, Нысанбай ағамыздың екі ұл мен бір қызы әкелерінің жолын жалғап, ағамыздың жаққан отын өшірмей, өсіп-өніп жатыр.

Қызы Марал Алматы қаласы медицина мекемесінің басшысы, білікті дәрігер, үлкен ұлы Мақсат сот саласында басшы, ал қарашаңдық иесі Марат Алматы қаласына қарасты халыққа қызмет көрсету саласында абыройлы қызметкер.

Нысанбай ағамыздың ұрпақтары ағайын-жұртпен етене ара-ласып, еліміздің дамуына өз үлестерін қосып келеді.

«Ғалымның хаты, жақсының аты өшпейді», Нысанбай ағаның да қалдырған ізі, ізгілігі ел жадынан өшпек емес.


Шералы НҰРТЛІЕУҰЛЫ

/// М.ШОҚАЙ – 135

КІТАПХАНА ҚОРЫНА ҚОСЫЛҒАН ҚҰНДЫ ҚАЗЫНА

Түркі әлемінің ардақтысы Мұстафа Шоқайдың Алаш арыстарының ішіндегі шоқтығы биік. Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қоры қазақ халқы мен барша түркі жұртының тәуелсіздігін аңсаған күрескер тұлға Мұстафа Шоқайдың француз тіліндегі шығармаларының екі томдық жинағы және үш томдық «Яш Түркістан» журналында басылған шығармаларымен толықты.

М.Шоқайдың француз тіліндегі шығармаларының екі томдық жинағы осы жылы «Арыс» баспасынан жарық көрді. Оның бірінші томына 1919-1930 жылдар аралығында жазылған 53 мақала мен құжаттық сипаттағы материалдар енген. Бұларда Түркістандағы саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдай, ұлт азаттығы үшін күрес, большевиктердің ұлттық саясаты кенінен сөз болады. Ал екінші томға ұлт қайраткерінің 1931-1941 жылдары жазылып, түрлі басылымдарда жарық көрген 77 мақаласы мен құжаттық материалдар топтастырылған. Француз тілінде жарық көрген публицистикалық шығармаларда Түркістандағы саяси-әлеуметтік



жағдай, ұлттық қозғалыстың мақсаты мен бағыттары, кеңестік биліктің сипаты және т.б. мәселелер сөз болады. 1929-1939 жылдары Берлин қаласында шығып тұрған «Яш Түркістан» журналына халқының бостандығы үшін күрескен көрнекті қайраткер Мұстафа Шоқайдың өзі басшылық жасағаны белгілі. Журналда жарияланған таңдамалы шығармалары елімізде үш томдық кітап болып 2007 жылы жарық көрген болатын. Оған М.Шоқайдың шет елде жүріп жазған 224 мақаласы



кірген еді. Журналдағы түрік-шағатай тіліндегі еңбектерді түгел аудару, зерделе нәтижесінде бұрынғы жинаққа еңбей қалған 51 мақала осы жинаққа енгізіліп, толықтырылды. Бұл еңбектерде де Мұстафа Шоқайдың Кеңес империясының құрсауына түскен ұлттық аймақтардың, әсіресе Түркістанның тәуелсіздігі, бүкіл түркі жұртының тұтастығы мен азаттығы үшін күресі ашыла түскен.

Екінші томға сол кездегі халықаралық жағдайдың өзекті мәселелері,

кеңес одағының Түркістан халықтарына озбыр саясаты, ұлт-азаттық қозғалыстардың жайы, Түркиямен қарым-қатынасы, Англия, Жапония, Қытай, Польша, Ресей, Түркия, Франция, т.б. елдердегі саяси жағдайлар туралы мақалалар топтастырылды. Айта кетейік, бұл томдағы бірқатар шығарма қазақ тіліне алғаш рет аударылып отыр. Ал үшінші томға «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» және 1937-1939 жылдар аралығында жазылған кеңес өкіметінің ішкі және сыртқы саясаты, Түркістан халқының ұлт-азаттық пен еркіндікке ұмтылысы, сол кездегі халықаралық жағдайдың өзекті мәселелері жөніндегі мақалалары енген. Еске салсақ, Мұстафа Шоқай Шиелі ауданына қарасты Сұлутөбе теміржол станциясынан он бес шақырым жердегі Наршоқыда 1890 жылы 25 желтоқсан күні дүниеге келген. Алаштың алып тұлғасы, Тәуелсіздіктің жалынды жаршысы Мұстафа Шоқай 1941 жылы 27 желтоқсанда жұмбақ жағдайда көз жұмды. Денесі Берлиндегі түріктер зиратына жерленген.

Д.АЙБОЛАТУЛЫ

«Болашақ» жоғары медициналық колледжі

Колледж директоры лауазымды қызметіне конкурс жариялайды.

Қойылатын талаптар:
- Жоғары медициналық білімінің болуы;
- Басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 1 жыл.

Түйіндеме тапсыру мерзімі: 2025 жылдың 13 желтоқсан мен 26 желтоқсан аралығында, сағат 17:00-ге дейін қабылданады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сырдарияның Сол жағалауы, ғимарат №115, Қызылорда «Болашақ» университеті ЖШС, 106А кабинет.

Түйіндемені bolashak_5@mail.ru, Bolashak_5@bolashak-edu.kz электронды почтасына жолдауға, қосымша ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады: байланыс тел.: 8-777-330-80-59.

СОТ ШЕШІМІМЕН КЕЛІСПЕСЕҢІЗ...

Сот шешімімен келіспесеңіз не істеу керек?

Сот актілеріне тек сот тәртібімен ғана шағым беріледі, яғни апелляция немесе кассация арқылы (кай инстанцияның шешімі шағымдалатынына байланысты).

1-қадам: Апелляция

Егер шешім әлі заңды күшіне енбесе және сіз бірінші инстанция сотының қорытындыларымен келіспесеңіз.

2-қадам: Кассация

Егер сіз соттар елеулі құқықбұзушылықтарға жол берді деп есептесеңіз, мысалы, дұрыс емес заң нормасы қолданылған немесе іс жүргізу тәртібі сақталмаған, соның салдарынан сот шешімін заңды деп есептеуге болмайтын жағдайлар.

Жаңа немесе жаңадан ашылған мәңгіліктер бойынша қайта қарау.

Егер бұрын объективті түрде белгілі болуы және ұсынылуы мүмкін болмаған, бірақ іс үшін маңызды болып табылатын фактілер пайда болса.

Заңда тек бұл рәсімдер тікелей көзделген.

Сот шешімдеріне шағымдануды тек соттардың өздері жүзеге асырады, өйткені Қазақстан Республикасында сот билігі – биліктің дербес тармағы.

Бұл мынаны білдіреді: министрліктер, әкімдіктер, прокуратура органдары, қо-

митеттер және өзге де мемлекеттік органдар:

- істерді қарауға араласуға құқылы емес

- сот шешімдерін жоюға құқылы емес

- оларды қайта қарамайды және міндетті құқықтық баға бермейді.

Осы органдардың кез келген хаттары мен жауаптары соттың бұрын шығарған шешімін өзгерте алмайды.

Неліктен дәл осы тетіктерді пайдалану маңызды?

Өйткені тек солар ғана сот шешімін өзгерте алады.

Бұл рәсімдер:

- сот қателіктерін түзетуге бағытталған;

- құқықтарды нақты қорғауды қамтамасыз етеді;

- заңды нәтижеге жеткізеді.

Басқа органдарға жүгіну:

- істі қайта қарау тетігін іске қоспайды;

- шешімнің орындалуын тоқтатпайды;

- құқықты қорғаудың иллюзиясын тудырып, уақытыңызды босқа алады.

Қорытынды: мақсат – сот шешіміне ықпал ету болса, жек біреу ғана – сот арқылы және заңда белгіленген тәртіппен.

Қызылорда облысының әділет департаменті

АНА СҮТІ – ЕҢ ҚҰНАРЛЫ ТАҒАМ

Ана сүті – жаңа туған нәресте үшін табиғи жолмен берілетін ең құнды тағам. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) нәрестені алғашқы 6 айда тек ана сүтімен қоректендіруді, оны 2 жасқа дейін жалғастыруды ұсынады. Себебі ана сүтінің құрамы баланың жасына, қажеттілігіне қарай өзгеріп, әр кезеңде ең қолайлы қоректік заттар бөлінеді.

Басқа тағамдардан басты айырмашылығы – өзгермейтін күрделі биологиялық құрылымында. Құрамы тәуліктің уақытына, ананың тамақтануына, баланың жасына байланысты өзгеріп, әр кезеңде ең пайдалы болып тұрады.

Ана сүті – нәрестенің алғашқы вакцинасы. Ондағы антиденелер баланы тыныс жолы инфекцияларынан, ішек ауруларынан, вирустық және бактериалдық инфекциялардан қорғайды. Құлақ қабынуы, тұмау, пневмония, іш өтуден сақтайды.

Ана сүтіндегі пайдалы май қышқылдары – ми жасушаларының құрылыс материалы. Зерттеулер көрсеткендей, омырау сүтін емген балалардың IQ көрсеткіші жоғары, тіл үйрену, есте сақтау қабілеті жақсы дамиды және нейрондардың байланысы жылдам қалыптасады.

Ана сүті нәрестенің әлсіз ас қорыту жүйесіне дәл бейімделген, іш қатуды азайтады, іш түйілуінің алдын алады, аллергия қаупін төмендетеді, ішек микробиомын дұрыс қалыптастырады.

Ұзақ мерзімді ғылыми зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, ана сүтімен қоректенген балаларда семіздік қауіп, диабет, астма, аллергия, жоғары қан қысымы өте сирек кездеседі. Бұл ана сүтінің метаболизмді реттейтін биологиялық белсенді заттарына байланысты.

Баланы ана сүтімен қоректендіру тек сәбиге ғана емес, анаға да пайдалы, босанудан кейінгі жатырдың тез жиырылуына көмектеседі, қан кету қаупін азайтады, артық салмақтың табиғи жолмен кетуіне ықпал етеді, сүт безі және аналық без қатерлі ісігі қаупін төмендетеді, эмоциялық күйді тұрақтандырады.

Емізу кезінде ана мен бала арасында ерекше психологиялық байланыс қалыптасады. Бала өзін қауіпсіз сезінеді, анасы мен баласының эмоционалды үйлесімділігі күшейеді.

Ана сүті – нәресте үшін ең табиғи, ең толық, ең қорғанышты тағам. Сондықтан ана сүтімен қоректендіру – баланың өмір бойғы денсаулығының берік іргетасы.

Жанна НҮРБЕРГЕН,
Астана медицина университеті академик Е.Дәленов атындағы профилактикалық медицина ҒЗИ-дің жетекші ғылыми қызметкері,
Жанар ҚАЛМАҚОВА,
гигиенист-дәрігер, нутрициолог,
Қызылорда жоғары медициналық колледжінің директоры

Хабарландыру

«Өнтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС 2026 жылдың 21 қаңтарында сағат 15.00-де «Өнтүстік Инкай кенішінің рұқсат етілген шығарындылары (ХДВ) нормативтерінің жобасына материалдар бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға», «Западная» алаңы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ПЭК), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ПББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ППМ)» қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдау Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Еңбекші а.о., Еңбекші а., әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Келушілерді ұйымдастырушы ұйымның өкілдері қарсы алады. Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Еңбекші ауылы (44.233249804644295, 66.82883479579623; 44.23967601478346, 66.8298218486543; 44.243642081303825, 66.83522918170289; 44.24318092451506, 66.84488513357535; 44.23580192426093, 66.85072162004049; 44.231927578668554, 66.84531428699191), қашықтық 107 км.

Бастамашы – «Өнтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС, БСН:140840001183, 161006, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қызмешек ауылдық округі, Қызмешек кенті, ш/а.1 Ықшам аудан, 23 үй, 36 пәтер.

Жауапты орындаушы: Рафикова Дарья, байланыс телефоны: +7 7252 99 73 93 (вн. 45-863).

Әзірлеуші кәсіпорын: «Актино-СКБ» ЖШС, Алматы, Фонвизин көшесі, 10.

Жауапты орындаушы: Соловьев Илья Алексеевич, тел.: 87055502671, Aktino-skb@yandex.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде; <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>

Zoom конференциясына қосылу: <https://us05web.zoom.us/j/5673798965?pwd=o15gF2sFp3FUntbecb2thNwVkYUWYz.1&omn=84285365346>

Конференция идентификаторы: 567 379 8965

Кіру коды: aH3vHt

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық мекенжай бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz; Қызылорда облысы, 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, байланыс телефоны: +7-(7242)-60-53-62, «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, e-mail: a.koszhanova@vmail.kz.

Объявление

ТОО «Совместное предприятие «Южная горно-химическая компания» 21 января 2026 года в 15.00-часов проводит общественные слушания «На получение экологического разрешения на воздействие по материалу к проекту нормативов допустимых выбросов (НДВ) рудника Южный Инкай, площадка «Западная», программа производственного экологического контроля (ПЭК), программа управления отходами (ПУО), план природоохранных мероприятий (ППМ)».

Слушания пройдут по адресу Кызылординская область, Шиилийский район, Енбекшинский с.о., с.Енбекши, здание акимата. Посетителей встретят представители организации организатора.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Кызылординская область, Шиилийский район, с. Енбекши (44.233249804644295, 66.82883479579623; 44.23967601478346, 66.8298218486543; 44.243642081303825, 66.83522918170289; 44.24318092451506, 66.84488513357535; 44.23580192426093, 66.85072162004049; 44.231927578668554, 66.84531428699191), расстояние 107 км.

Инициатор – ТОО «Совместное предприятие «Южная горно-химическая компания», БИН: 140840001183, 161006, Туркестанская область, Сузакский район, сельский округ Кыземшек, поселок Кыземшек, мкр. 1 Ыкшам аудан дом 23, кв. 36.

Ответственный исполнитель: Рафикова Дарья, контактный телефон: +7 7252 99 73 93 (вн. 45-863).

Предприятие разработчик: ТОО «Актино-СКБ», Алматы, ул. Фонвизина, 10.

Ответственный исполнитель: Соловьев Илья Алексеевич, тел.: 87055502671, Aktino-skb@yandex.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области, в разделе «Общественные слушания»; <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>

Подключиться к конференции Zoom <https://us05web.zoom.us/j/5673798965?pwd=o15gF2sFp3FUntbecb2thNwVkYUWYz.1&omn=84285365346>

Идентификатор конференции: 567 379 8965

Код доступа: aH3vHt

Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: ndbecology.gov.kz; Кызылординская область, 120003, город Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, №1, контактные телефоны: +7-(7242)-60-53-62, Государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», e-mail: a.koszhanova@vmail.kz

2026 жылдың І жартыжылдығына Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшылығының жеке және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау жүргізу орны	Байланыс телефоны
Аманов Ғани Мырзағабылұлы	Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №401	+7 (7242) 23-81-14
Бекішев Әділбек Ергалұлы	Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары	Әр аптаның сейсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №402	+7 (7242) 23-81-14
Елеманов Аскар Сейдекәрімұлы	Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары	Әр аптаның дүйсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №411	+7 (7242) 23-81-14, +7 (7242) 40-01-05 (4050)
Шакирова Асем Аманкелдіқызы	Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ш.Есенов көшесі, 16 Каб №202	+7 (7242) 23-81-14, +7 (7242) 40-01-05 (4004)

Қабылдауға жазылу +7 (7242) 23-81-14, +7 (7242) 40-01-05 ішкі (4050), (4004) телефондары және dgd.kyzylorda@kgd.gov.kz электронды поштасына жүгіну арқылы жүргізіледі.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

www.instagram.com/syrboyi_kz<https://twitter.com/syrboyi>